



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,
Ойыл ауылы, Көкжар көшесі, 56үй
тел: 8(71332) 2-17-32

030900, Актыобинская область,
Уилский район, с.Уил. ул. Кокжар,
дом 56, тел: 8(71332) 2-17-32

2025 жылғы “07” қараша
Ойыл с.

№ 904

Аудандық семинар өткізу туралы

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ ережесінің 19 тармағының 10 тармақшасын негізге ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылғы 11 қараша күні сағат 09:30-да «Жолшы» бөбекжай – бақшасында «Тәрбие тірегі –әділдік, ойын құралы адалдық» тақырыбында мектепке дейінгі ұйым педагогтарына арналған аудандық семинар өткізілсін.
2. «Жолшы» бөбекжай-бақшасының менгерушісі Ш.Толыбаеваға семинарды сапалы өткізу жүктелсін.
3. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшыларына педагогтердің семинарға қатысуына мүмкіндік жасау міндеттелсін.
4. Іссапар кезіндегі педагогтын (семинарға келуші) жол, өмір қауіпсіздігін сақтау қатысушы педагогқа жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау бөлім әдіскері Р.Сенғалиеваға жүктелсін.

Негіздеме: Ойыл аудандық білім бөлімінің жылдық жоспары

Бөлім басшысы

Е.Бегалин

“Тәрбие тірегі-әділдік, ойын құралы адалдық”

Мақсаты: Жаттығулар арқылы педагог пен тәрбиеленушілер арасынан жағымды, сенімді, қауіпсіз орта құру арқылы әділдік, адалдық туралы мағлұмат бере отырып «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінің алғашқы сатысын құру.

- Кіріспе . (1-жаттығу)
- Мақсатқа жету жолдары(2,3-жаттығулар)
- Қорытынды.

Құрметті әріптестер.«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бағытында аудандық білім бөлімінің жоспарына сай “Тәрбие тірегі-әділдік, ойын құралы адалдық” семинарымызға қош келдіңіздер деймін .

1.Жаттығу

Осы сіздерге мен сұрақ қойайыншы, сіздер жауап беріңіздер.Осы жерды отырғандар арасында кім спортпен шұғылданады екен?

-Кім ән айта алады?.....

-Кім жүзей алады алады?.....

-Кім сурет сала алады?.....

-Білгенін басқаларға үйретуге қолдарымыздан келе ме?.....

-Осы жаттығуды орындау барысында өздеріңіз көріп отырғандай бір-бірімізді толықтырып отырамыз және бір ортақ, ұқсас іс-әрекетіміз бар. Бұдан біз – не түйеміз ? Біз –бірдейміз- біргеміз.

2.Жаттығу

Ортаға ерікті 6 педагогті шақырайын.

3- үстел. Үстел үстінде Адал азаматтың макеті жатыр.Педагог-үйретуші , педагог-үйренуші болып бөлінеді. Бұл жерде Адал азаматтың бетін салу керек.Педагог-үйренушінің көзі байлаулы болады.Педагог – үйретуші-үйренуші -педагогқа бағыт бағдар беріп отырады.

-Қай педагогқа жеңіл болды, Үйренушімен әлде үйретушіге ме?.....

-Бір-бірімен өзара байланыс жасау қалай?.....

-Сені түсініп әрі қарай жұмыс жасау ше?.....

Бұл жаттығудың бірінші бағыты арқылы басқару дағдысы, нақты нұсқаулықты түсіндіру, ал,екінші бағыты есту және тыңдау өз идеясы – өзінің түпкі оймен жұмыс жасау.

-Міне, осы екі бағытпен нақты мақсатқа жетіп отырмыз.

3.Жаттығу.Енді Адал азамат макетіне – адал азамат қандай болу керектігін айтамыз және 2-3 сөзден Адал азамат макетіне жазамыз.

Осы жазған макетімізді тақтаға ілейік.

Енді осы Адал азаматымызға жету үшін алдарымыздағы табан іздеріне жазылған қандай сөздерді таңдап барар едіңіз?.....

(табан іздеріне жазылған сөздер)

- Педагогтер мен білім алушылар арасында мағыналы жәнесьйластық қарым-қатынас орнату.
- Білім алушылар арасындағы достық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ету.
- Ата-аналармен ынтымақтастыққа жағдай жасау

және оларды балабақшаның өміріне тарту.

- Жергілікті ұйымдар мен мектептер, балабақшалармен байланысты нығайту.
- Адамгершілік қасиеттерді бірлесе үйрету мақсатында балабақша ішінде іс-шаралар ұйымдастыру.
- Білім алушыларды белсенді түрде қызықтыру үшін түрлі педагогикалық әдістерді қолдану.
- Тәрбиеленушілерге құндылықтарды қалыптастыруға ынталандыру үшін қоғам қайраткерлерін, ата-аналарды шақыру.
- Жеке, жұптық және топтық жұмыс түрін ұйымдастыру арқылы ынтымақтастық пен өзара көмек дағдыларды дамыту
- Ертегілер мен әңгімелерді тыңдау барысында кейіпкерлер әрекетін бағалай отырып дұрыс пен бұрысты ажыратуға үйрету.
- Еліміздің тарихы мен көрнекі жерлері жайлы ақпараттар ұсыну арқылы патриоттық сезімін ояту.
- Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы Адал азамат құндылықтарын енгізу.

-Адал азаматқа өздеріңіздің таңдаған бағыттарыңызбен жол салып жеттіндер. Қорытынды.

- Бала тәрбиесінде басты бағдар ретінде айқындалған құндылықтарды балабақша түлектері нені білу шартты-?

Осы сұрақты балабақша педагогтерінен сұрауды жөн көрдім.

(Жасанды интеллектпен жұмыс)

Бакыт: ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

- Өзі туралы, қоршаған әлем туралы және ондағы орнытуралы қарапайым түсініктің болуы
- Шығармашылық қиялға негізделген өнертабысқа қызығушылық таныту
- Сурет салуға, модельдеуге, дизайнға қызығушылық таныту
- Тапсырмаларға шығармашылықпен қарау, өз шешімдері мен идеяларын ұсыну

• Алған білімдерін жаңа нәрсе жасау үшін қолдану
• Жаңа тәсілдемелер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу
Ментай -ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

- Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу
- Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
- Өзіне-өзі қызмет көрсету

Шынар- ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

- Мінез-құлық нормалары мен ережелерді білу.
- Үлкендерге құрмет көрсету
- Үйде, балабақшада, қоғамда өзін дұрыс ұстай білу

Венера -ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Жауапты болу
- Уәделерді орындай білу
- Адамдар барлығы әртүрлі екендігін білу, түсіну

Аққу - БІРЛІК ЖӘНЕ ҮНТІМАҚ

- Отбасында, балабақшада қауіпсіз мінез-құлық нормаларын білу
- Басқа балалармен сөйлесуге және олармен ортақ тіл табуға дайын болу
- Ойы мен сезімдерін білдіре алу қабілетінің болуы

Райым- ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

- Отан, ел, туған өлке туралы білу
- Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу
- Мемлекеттік тілді білу
- Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу
- Табиғатқа қамқорлық таныта білу

-Мына ақ қағазбен біз не істей аламыз?.....

-Қайық, желдеткіш, гүл, т.б

-Бәріміз бірге жауап берген өте оңай әрі жеңіл, алдында айтылғандай бір-бірімізді толықтырып отырамыз. Ойларыңызға келетін бірінші жауап креативті жауап болып есептеледі. Қазіргі заман талабы - берілген таптырманы креативтік, ерекше, дәстүрден тыс, жаңашылдық жолдармен таныстырып, орындатуды талап етіп отыр. Биылғы оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарлама барысын іске асырамыз. Осы адал азаматты біз балабақша табалдырығымыздан аттаған тәрбиеленушілірімізге сана-сезіміне – кішкене жүрегіне ұялату біздің басты міндетіміз. Адал азаматтың бастапқы баспалдағын құраушы мына отырған сіз және біз. Сол себепті педагог тарапынан әрбір жасаған іс-әрекетіміз, айтылған сөзіміз алдымыздағы тәрбиелеушілерімізге әсер қалдыратын ең маңызды фактор. Осыны әр кез есімізде сақтайық.

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны

Тексерілді:

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»

Әдіскер С.Жоламанова.

«Достармен ойнау-көңілді іс»SMART- бала жобасының
балабақшаға бейімделген жұмысы

Өткізген: «Еркетай» тобының тәрбиешісі
Тайғужиева Ш.С

Ойыл.2025ж

Тәрбиеші: Тайгужиева Ш.С.

Тобы: кіші топ

Тақырыбы: «Достармен ойнау –көңілді іс»

Мақсаты: - Балаларды достыққа, бір біріне қамқор болуға тәрбиелеу.

-Ортақ ойын кезінде қарым қатынас жасауға, кезек күтуге, бөлісе білуге үйрету.

- Ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін және қимыл белсенділігін дамыту.

- Адал, мейрімді болуға баулу.

Ресурстар: Сенсорлық заттар, жүрекшелер, фетрадан бұлттар, күн, ілгек, түрлі түсті жіптер т/б.

-Балалар ортаға жиналайық «**Менің досым кім**» атты ойын ойнаймыз.

Ойын шарты: Үстел үстінде көптеген жүрекшелер болады әр қайсымыз бір жүрекшеден аламызда қолымыздағы жүрек қандай түс егер қызыл түс болса, қасымыздағы балалардан қызыл түсті жүрекшені іздеп, тауып алып сол баламен құшақтасамыз.

- Жарайсындар достықтарың мәңгі болсын олай болса бүгінгі оқу іс әрекетінде **Достармен ойнау көңілді іс** тақырыбында ойындар ойнаймыз

(балалар сенсорлық орталарға барып жайғасады)

- кәне балалар өздеріңіз көріп тұрғандай алдарыңызда сенсорлық орта тұр, тапсырмалар бар, жайғасып отырып орындайды.

1-топтың атауын «**Жақсылық**»

2-топтың атауын «**Жылулық**» деп алайық

1-топтың балалары алдарыңызда Күн жатыр яғни тапсырма күннің шашағындағы жіптерге әртүрлі пішіндерді кигіземіз яғни бұл саусақ моторикасын дамытады.

2- топтың балалары алдарыңызда әдемі бұлт жатыр сол бұлттан жауып тұрған жаңбырдың тамшыларын әр бала жапсырғышпен жапсырады бұл да балаларға саусақ моторикасын дамытады.

Әр топтың балалары асықпай әдемілеп алдарыңдағы тапсырманы орындайды (күй ойнап тұрады)

-балалар сонымен не орындадыңдар

Балалар: күннің шапағатына әр түрлі пішіндерді кигіздік

Бұлтқа жаңбыр тамшыларын ілдік

-жарайсындар балалар барлықтарыңыз ортаға келіңіздер интерактивті тақтаға назар аударайық

Күн пен Бұлт (қимылмен көрсету)

(балаларға жүрек пен бұлттың суреті беріледі)

- кәне интерактивті тақтаға мұхият қарайық

Егер іс жақсы болса **Күнді** көтеріңдер

Егер жаман іс болса **Бұлтты** көтеріңдер

Мысалы: Анасына көмектесті (Күн)



Досына ұрысты (БҰЛТ)



Ойыншықты бөлісті (Күн)



Қоқысты жерге тастады (БҰЛТ)




Міне балалар ненің жаман, ненің жақсы екеннін түсінген сияқтымыз

Және де достық бәрінен де қымбат екенін білдік солай ма

Кім досқа адал болса бақытты өмір сүреді

Әрқашан әділ, мейрімді, адал болайық, осымен оқу іс әрекетіміз аяқталды.

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны

Тексерілді: 
«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»
Әдіскер С.Жоламанова.

«Адалдық айнасы» Wordwall ойын арқылы
балалармен адалдық туралы әңгіме

Өткізген: «Еркетай» тобының тәрбиешісі
Кадирова В.А

Ойыл.2025ж

Тақырыбы: «Адалдық – әділеттің айнасы»

Мақсаты:

- Балаларды **адалдыққа, шыншылдыққа, еңбексүйгіштікке** баулу.
- Ойын арқылы әділ шешім қабылдауға, достарына көмектесуге, еңбекке құрметпен қарауға үйрету.
- Қызықты ойын түрлерін пайдаланып, ұсақ моторика мен логикалық ойлауды дамыту.

Ресурстар:

- «Асық Fest» дөңгелек (Фортуна);
- Сиқырлы сандық (ішінде тақиялар);
- Вордвалл ойынына арналған экран немесе планшет;
- Фетрадан жасалған «Шыншыл робот»;
- Оқтау, тақтайша, қамыр (ойыншық түрінде немесе пластилин);
- Әуен (көңілді музыка және «Сиқырлы сандық» эффект дыбысы).

Сабақ барысы

1 Кіріспе бөлім – *Сиқырлы сандықпен танысу*

Тәрбиеші:

(Музыкамен бірге қолында кішкентай сандықша ұстап келеді.)

Балалар, қараңдаршы, менің қолымда не бар екен?

Бұл – *Сиқырлы сандық!*

Ішінде сиқырлы **тақиялар** бар. Кім тақия киеді – сол бүгін адалдық еліне барады.

Мына дөңгелекке қараңдаршы — бұл **Фортуна дөңгелегі!**
Кім айналдырады?

2 Негізгі бөлім

1-тапсырма – Вордвалл ойыны «Адал мен әділдік тап!»

– Бұл тапсырма “Вордвалл” ойыны түрінде болады.

Интерактивті тақтада екі сурет қатар көрсетіледі:

Мысалы, бір бала ойыншығын бөліседі – бір бала тартып алады.

Мақсаты: Балалар дұрыс суретті таңдап, адал, әділ әрекетті көрсетеді.

Тәрбиеші қортындылайды:

– Адал бала әрқашан шындықты айтады, әділ бала әділетті шешім шығарады!

2-тапсырма – «Шыншыл робот» (фетрадан)

«Бұл – біздің шыншыл робот. Ол адал сөзді жақсы көреді.
Егер сендер дұрыс жауап берсеңдер, робот күлімдейді!»

Мақсаты:

Балаларды шындық пен өтірікті іс-әрекет арқылы ажырата білуге, эмоцияны тануға және адалдыққа баулу.

3-тапсырма – «Еңбектің дәмі»

Үстелге тақтай мен оқтау қойылады.


Балалар қамыр (пластилин) илейді, кішкентай бауырсақ мүсіндейді.

Қыз балалар «пісіреді», ұл балалар «ұсынады».

Өз қолымызбен жасаған бауырсақтарымыз–адал еңбектің тәтті дәмі!

– Міне, балалар, адал еңбектің дәмі– тек бауырсақтың тәттілігінде емес, өз қолыңмен жасаған ісіңнің қуанышында! Адал жүрек– ең үлкен байлық.
Музыка сәл күшейіп, балалар қол бұлғап шығады.

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны

Тексерілді: 
«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»
Әдіскер С.Жоламанова.

«Достық көпірі» STEM технологиясы
негізіндегі қызықты тәжірибе

Өткізген: «Күншуақ» тобының тәрбиешісі
Улыкпанова Б.Ж

Ойыл.2025ж

Тақырыбы: Достық көпірі

Тобы: Ересек топ

Тәрбиеші: Улыкпанова Бакыт Жолдаскалиевна

Мақсаты:

Балалардың ойлау, талдау және қиялдау қабілеттерін дамыту, ұлттық құндылықтарды STEM технологиясымен ұштастыра отырып, адалдық пен әділеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Танымдық дағды: көпірдің не үшін қажет екенін білу, құрылымын бақылау, тәжірибе арқылы қорытынды жасау.
2. Шығармашылық дағды: түрлі материалдармен көпір жобасын жасау.
3. Коммуникативтік дағды: топпен бірігіп жұмыс жасау, өз ойын еркін жеткізу.
4. Әлеуметтік дағды: достық, әділеттілік, адалдық қасиеттерін дамыту.
5. Физикалық дағды: қозғалыс белсенділігін арттыру, ұсақ моторикасын дамыту.

Кіріктірілген бағдарламалар:

- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы (ою-өрнек, күй, өнегелі сөз, қауіпсіздік мәдениеті).
- «Адал азамат» бағдарламасы (әділеттілік пен адалдық).
- STEM технологиясы (тәжірибе, конструктор, бақылау).
- Жасанды интеллект элементі (интерактивті тақта).

Ресурстар:

STEM - қабырғадағы ғажайып конструктор, ағаштан жасалған көпір, картон, түрлі түсті қағаз, Кюйзенер таяқшалары, пластмассадан жасалған көпір, құрылысшы мамандық киімдері, құралдары интерактивті тақта, ою-өрнек үлгілері, домбыра күйі, ойыншық көліктер, қауіпсіздік белгілері.

Ұйымдастырылған іс әрекет алдында ауданымыздағы көпір құрылысына саяхатқа барады.

-Балалар біз ауылымыздағы адамдар, көлік түрлері және төрт түлік мал жүретін көпір бұзылып қалуына байланысты сол көпірді жасап жатқан үлкен ағайларға кішкентай көмекшілердің атынан үлкен мейіріммен, зор махаббатпен ас ауқаттарын көмек ретінде жеткізгісі келеді.

Айару:

-Салематсыздарма ағайлар. Жұмыстарыңызға сәттілік.

-Біз сіздерден үлкен жетістіктерді күтеміз.

Айзере:

-Біз сіздерге сенеміз.

Аяла Б:

-Астан алыңыздар.

Тәрбиеші:

-Хадиша, Айша, Іңкәр, Аяла сіздер тезірек бізден бұрын балабақшаға барыңыздар. Ойын құралдарын дайындау керек.

(3 минуттық видео қылып қосу)

Балабақшадағы көрініс.

Айша: -Достар мына ойыншықпен ойнай тұрсақ қалай болады?

Саида: -Жоқ болмайды апайымыз тезірек жеткізіңіздер деді.

Хадиша: -Ия достар ,бізге кешігуге болмайды. әділетті болу біреуге қиянат жасамау.

Майгүл: - Адалдық шыншылдық пен еңбектің белгісі.

Тәрбиеші:

Топқа тәрбиеші кіріп, балалар біз үлгерген сияқтымыз.

– **Балалар, бүгін біз инженерлер, өнертапқыштар боламыз. STEM зертханасына қош келдіңдер!**

-Біз бүгін достық көпірін құрастырамыз.

– Біз не істейміз? (Балалар: көпір саламыз!)

– Дұрыс! Адал еңбектің нәтижесі – мықты көпір!

Тәрбиеші:

– Әділет пен адалдық – нағыз азаматтың қасиеті. Біз бүгін осы екі қасиетті іс жүзінде көрсетеміз!

«Өнегелі 15 минут» бөлімі

– Ендеше, біз адал еңбектеніп, әділетті көпір саламыз!

Тәрбиеші:

Мына жерде ағаштан жасалған көпірді көріп тұрмыз. Көпір не үшін керек?

Өзеннің келесі бетіне өту үшін керек екен.

– Көпір-ағаштан ,бетоннан жасалады екен. Қай көпір ұнады?

(Балалардың жауабы)

-Ендеше балалар алдарыңызда өз таңдауларыңыз бойынша түрлі көпір жасауларыңызға мүмкіндік бар.

Өз көпірлерінді соған ұқсатқыларың келе ме?

Балалар әркім өз қалаған орталарыңызға барсаңыздар болады.

STEM зертханасы – «Көпір саламыз»

Мақсаты: инженерлік және шығармашылық ойлауды дамыту.

Тәрбиеші:

– Нағыз инженерлер көпірді жоспарлайды, есептейді және жасайды.

– Біз де бүгін өз көпірімізді құрамыз!

Мақсаты: көпірдің құрылымын түсіну, себеп–салдар байланысын орнату.

– Көпір құрағанда неге абай болу керек?

(Балалар қауіпсіздік ережелерін атайды.)

Танымдық бөлім – Тәжірибе.

Тәжірибе:

Қағаздан, картоннан екі түрлі көпірді салыстыру.

1. Қағаздан жасалған көпірді үріп қарайды, картоннан жасалған көпірге су шашады

Пластмассадан жасалған көпірге ауыр жүк тиейді.

Ағаштан жасалған көпір тиімді екен .

- Бірі – кең, бірі – тар.

- Балалар ойыншық көлікті жүргізіп, қай көпір мықты екенін анықтайды.

Тәрбиеші сұрақ қояды:

– Қай көпір мықтырақ болды? Неліктен?

1. Қабырғадағы ғажайып конструкторға көпір құрастырамыз (STEM конструкторлары арқылы көпір салады.)

Тәрбиеші бақылап, балаларды ынталандырады.

2. Кюизенер таяқшаларынан көпір құрастыру.

3. «Толқын» оюы 1.2.3.4.5 сандарын белгісі бойынша инемен жүргізу

4. Шығармашылық жұмыс. Үстел үсті ойыны: «Оюды тап!»

– Көпір пішінін бейнелейтін ұлттық ою-өрнектерді бояу. Конструктор ойыншығы арқылы «Ирек» оюын бояу .

Жұмыстарыңызды тез бітіру үшін белгілейтін уақыт таймерін қоямын.

III- тапсырма. Ойындар кезеңі

1. Дидактикалық ойын: «Қай көпір мықты?»

2. – Балалар әр түрлі материалдан салынған көпірлерді салыстырып, қорытынды шығарады.

Ағаштан жасалған көпірдің жанында Аяла Б .мен Аяла Е құрлысшылар күтіп алады

Аяла: Үйренерім көп орасан,

Біреуінен біреуі артық.

Тамашалай қарасаң,

Көз алмайсың құмартып.

Аяла Е: Елден алғыс алатын,
Өскен кезде ер болам.
Сәнді үйлер салатын
Құрлысшы мен болам.

Барлығы «Достық көпірін» құрастырып ,көпірдің үстіне достықтары мәңгі болып,жұмыстарын аяқтайды.

Қорытынды бөлім :

Тәрбиеші:

- Бүгін біз не үйрендік?
- Көпір бізге не үшін керек?
- Адалдық пен әділеттілікті қалай көрсеттік?

(Балалардың жауаптары тыңдалады.)

Қорытынды сөз:

- Әр көпір – адамдар арасындағы достықтың, сенімнің белгісі.
 - Біз бүгін адал еңбектің, әділетті ойдың көпірін салдық.
 - Сендер болашақтың адал азаматтарысыңдар!
- Қазақ күйі – домбыраның күмбірі (жұмсақ әуен).

Күтілетін нәтиже:

- Балалар STEM арқылы көпір құрастырудың қарапайым тәсілдерін меңгереді.
- 5 дағды (танымдық, шығармашылық, коммуникативтік, әлеуметтік, физикалық) дамиды.
- «Адал азамат» пен «Біртұтас тәрбие» бағдарламаларының құндылықтарын бойына сіңіреді.
- Ұлттық және заманауи құндылықтарды үйлестіре алады.
- Қауіпсіздік дағдыларын қолдана алады.
- Бірлесе әрекет ету мәдениеті қалыптасады.

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны

Тексерілді: 
«Жолшы»бөбекжай-бақшасы»
Әдіскер С.Жоламанова.

«Менің отбасым-алтын діңгек» балаларға
арналған интеллектуалды ойын

Өткізген: «Күншуақ» тобының тәрбиешісі
Утеуова М.К

Ойыл.2025ж

Тақырыбы:Отбасы алтын діңгек

Мақсаты:Балаларға отбасы туралы түсінік беру.Отбасы мүшелерін айтып және аттарымен таныстыру.Сөйлеу,ойлау, есте сақтау және шығармашылық қабілеттерін дамыту.Балаларға үлкендерді сыйлауға, отбасы мүшелерін құрметтеуге тәрбиелеу.Еңбекке мейірімділікке,сүйіспеншілікке баулу.

Әдіс-тәсілдері: Әңгіме, сұрақ-жауап, топтық жұмыс, ойын.

Ресурстар:А-3 форматта суреттер, мақал-мәтелдер, суреттер.

Ойын барысы

Топқа әуенмен немересін сағынған ата-әже келіп.Ұлттық құндылыққа байланысты ойын ойнатады.

Ханталапай

Ойын шарты:

Барлық асықтар (оның ішінде хан асықта)алақанға жиналып,бір ойыншы жерге шашады. Асықтар шашылған сәтте барлық ойыншылар «Ханталапай»деп айқайлап, асық теруге жарыса кіріседі.Әркім өзіне жақын жатқан асықтарды жинауға тырысады. Бірақ хан асықты кім бірінші алса, сол жеңімпаз атанады.

Балаларды төрт топқа бөлу.

Бірінші топ

Тақырыбы:Отбасы фотогаллериясы

Ойын шарты:

Біздің әрқайсымыздың жүрегімізде ең қымбат сурет бар-ол өз отбасымыздың бейнесі.Балалар өз отбасы мүшелерін мақтанышпен таныстырады.

Отбасы туралы мақал-мәтел айтқызу

Сурет арқылы

Екінші топ

Тақырыбы:Мен анама қалай көмектесемін?

Ойын шарты:

Анаға көмектесу арқылы отбасында жылы қарым-қатынас орнатады. Балалар күнделікті өмірде ана еңбегін бағалап үйренеді.

Үшінші топ

Тақырыбы: Отбасылық дәстүр.

Ойын шарты:

Бірлесе жұмыс жассауды үйрету және тәтті тортты дайындау арқылы көңіл көтеру.Дайын корждарға крем жағу және әдемілеу.

Төртінші топ

Тақырыбы: Біздің отбасы

Ойын шарты:

Балалар дайын гүл тәрізде тұрған отбасындағы мүшелерді әдемілеп бояу керек және түсіндіреді.

Қортынды: Отбасы бұл ең жақын адамдар. Олар бізді қатты жақсы көреді. Бізде оларды жақсы көреміз. Бір бірімізге адал болып сүйіспеншілікпен өмір сүрейік.

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорыны



“Бәріміз бірге дұрыс шешім табайық!”
(тренинг)

Өткізген: Психолог Аманғосова Р.А

Ойыл 2025-2026 оқу жыл.

“Тәрбие тірегі-әділдік, ойын құралы-адалдық” тақырыбына арналған семинар-практикумда педагог-психологтың жүргізетін жұмыс жоспары:

Тақырыбы: “Бәріміз бірге дұрыс шешім табайық!”

Өткізілген уақыты: 11.11.2025 жыл

Қатысушылар саны: 14

Мақсаты: Педагогтердің кәсіби және өмірлік қиын жағдайларда әділетті шешім қабылдау дағдыларын дамыту, өзара пікір алмасу, эмоционалды интеллектті арттыру.

Тренинг барысы: 1.Жылы шеңбер (5 мин)

Барлығы шеңберге тұрып, өз есімімен және “мен әділетті шешім қабылдай аламын, себебі...” деп таныстырады.

Негізгі бөлім: 2.”Шешім шырғағы” ойыны (20 мин)

Топтарға ситуациялық карточкалар беріледі. Әр топ шешім нұсқасын ұсынады: әділетті, эмоцияға берілген, бейтарап.

Басқа әріптестер шешімдерді талдап, әділ шешімді таңдайды.

Ситуациялар:

1. Сіздің әріптесіңіз балаға айқайлап жіберді.Сіз куә болдыңыз.
2. Ата-ана сізге әділетсіз сын айтты, бірақ нақты жағдайды білмейді.
3. Ұжымда бір адам жұмыстан қашқақтайды, бірақ сізбен жақсы қарым-қатынаста.

Қызықты бөлім: 3.”Сықырлы орындық” (10 мин)

Шеңберге бір орындық қойылады.Психолог бір ситуация айтады.Кім әділетті шешім ұсынады - сол “сықырлы орындыққа” отырады. Қалғандары оның шешімін талқылайды. Бұл шешім неге әділетті/ немесе емес?

Ситуациялар:

1. Бала тәрбиешіге дөрекі сөйледі.Сіз топ тәрбиешісісіз.Басқа балалар алдында сіздің беделіңізге нұқсан келді. Не істейсіз?
2. Екі бала төбелесіп қалды. Екеуі де кінәлі, бірақ бірінің ата- анасы жиі шағымданып, басшылыққа әсер етеді. Қайсысына қандай шара қолданасыз?
3. Әріптесіңіз бір құжатта уақытында тапсырмай, жауапкершілікті сізге аударды. Басшылық сізден сұрап отыр. Не деп жауап бересіз?
4. Жұмыс кестесіне сай емес келмейтін қосымша тапсырма берілді. Уақытыңыз тығыз, бірақ басшы ренжіп қалуы мүмкін. Қабылдайсыз ба, бас тартасыз ба?
5. Әріптесіңіз балаға қатты дауыс көтеріп жатыр. Бала жылап қалды. Ата-анасы шағымдануда. Сіз не істейсіз?

Қорытынды: “Әділет - жүректен шығатын шындық” деген нақылмен аяқталады.







